

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Өнер, медиа және дизайн факультеті**  
**Журналистика кафедрасы**  
**Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша академиялық комитет**  
**мәжілісінің**  
**№2 хаттамасы**

Түркістан қаласы

23 желтоқсан 2025 жыл

**Қатысқандар:** Сәдібеков А. - АК төрағасы, PhD, доцент м.а., Басшова Б. – Журналистика кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент м.а., Сердәлі Б. - ф.ғ.к., профессор, Тәшімова Ә. - аға оқытушы, Тәжібаев Ғ. - аға оқытушы, Дәулетов М. - «Түркістан» газетінің директоры, Канеш М. – «6B03239-Журналистика» ББ студенті, Маккан А. - «6B03279 Сандық медиа және телерадиожурналистика студенті» ББ студенті.

**Күн тәртібінде:**

1. Журналистика және ақпарат даярлау бағыты бойынша ББ аудит жүргізу.
2. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
3. Өртүрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша Академиялық комитет төрағасы **А.Сәдібеков** «Журналистика және ақпарат даярлау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына жүргізілген аудиттің мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Атап айтқанда, аудит барысында оқу жоспарларының өзектілігі, пәндер мазмұнының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігі, оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу деңгейі, білім алушылар мен жұмыс берушілердің пікірлері ескерілгенін атап өтті. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының ұлттық біліктілік шеңбері мен академиялық стандарттарға сәйкестігін бағалау негізгі басымдық болғаны айтылды.

Аталған мәселелерді алға тарта отырып «6B03239 - Журналистика», «6B03279 – Сандық медиа және телерадиожурналистика» білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілген аудит нәтижесін талқылауға шақырды. Бүгінгі таңда ББ ұсынып отырған пән тізімінің сұранысқа ие болу қабілетін жеке-дара таразылау қажет екендігі айтылды.

Кафедра меңгерушісі **Б.Басшова** аудит нәтижелеріне қысқаша талдау жасап, журналистика саласындағы базалық және элективті пәндердің мазмұнын жаңғырту, практикалық бағыттағы пәндердің үлесін арттыру қажеттігін айтты. Осы мәселені бірге отырып тағы бір пысықтау қажеттігін айта келіп, күн тәртібінің өзегі осында екендігін атап өтті. Сондай-ақ, болашақ журналистердің шығармашылыққа, оның ішінде жазба жұмыстарына икемдеуге көңіл бөлу жағын ойласуды ұсынды. Кафедра профессоры **Б.Сердәлі** кафедра меңгерушісінің сөзін қолдайтынын айта келіп, білім беру бағдарламаларына ғылыми-зерттеу компонентін күшейтудің маңызды екендігін атап өтті. Студенттердің академиялық жазу және талдау дағдыларын дамыту мәселесіне назар аударуға шақырды. Аға оқытушы **Ә.Тәшім** қазіргі таңда студенттердің тым технологияға әуес болып, жазудан, оқудан айналып бара жатқанын тілге тиек етті. Осы себепті

білімгерлерге жазба жұмыстарымен шұғылдануға бағыттайтын пәндерді, тапсырмаларды назардан тыс қалдырмау керек екендігін баса айтты.

«Түркістан» газетінің директоры **М.Дәулестов** жұмыс беруші өкілі ретінде түлектердің цифрлық медиа, мультимедиалық контент жасау, аналитикалық материал әзірлеу дағдыларына ерекше мән беру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар жоғарыда әріптестері атап өткен жазу дағдыларын дамыту мәселесі орынды көтеріліп отырғанын айт келіп, журналистік зерттеу, деректерді талдау, сараптамалық материалдарды әзірлеуге балалардың бағытталып отырғанына қуанышты екендігін жеткізді. Аға оқытушы **Ғ.Тәжібаев** оқу үдерісінде тәжірибеге бағытталған сабақтарды өндіріс орындарымен байланыстыруды және өндірістік тәжірибе базаларын кеңейту жөнінде ұсыныстар білдірді. Студенттер **М.Канеш пен А.Маккан** білім беру бағдарламаларындағы пәндердің өзара сабақтастығын күшейту және заманауи медиа құралдарын меңгеруге бағытталған курстар санын арттыру бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Кафедра меңгерушісі **Б.Басшова** күн тәртібінің әртүрлі мәселелері бойынша сөз алып, қазіргі таңда кафедрада 2 білім беру бағдарламасы («6В03239 - Журналистика», «6В03279 – Сандық медиа және телерадиожурналистика») бойынша студенттер даярланатынын айта келіп магистратура бағдарламасын ашу бойынша жұмыстарды баяндады. Магистратура бағдарламасы бойынша білім алушыларды қабылдау мақсатында жол картасы әзірленгенін атап өтті. «Журналистика және репортер ісі» даярлау бағыты бойынша сұраныс артуына байланысты «7М03239 - Журналистика» білім беру бағдарламасын ашу үшін ЕСУВО базасына бағдарламаны жүктеуге және лицензия алу үшін құжаттарды Министрлікке жіберу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігі айтылды. Осылайша АҚ мүшелеріне «7М03239 - Журналистика» білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарын таныстырып, талқылауға ұсынды. Профессор **Б.Сердәлі** білім беру бағдарламасы әбден пысықталғанын айтып, пәндер тізімі заманауи курстармен жасақталғанын жеткізді. АҚ-нің өзге мүшелері де профессор сөзін қолдап, жаңа ББ ашу жұмыстарын алға жылжыту жұмыстарына үлес қосатындықтарын білдірді.

## ШЕШІМ:

1. «6В03239 - Журналистика», «6В03279 – Сандық медиа және телерадиожурналистика» ББ бойынша ішкі аудит ұсыныстары мен пікірлері назарға алынсын. ББ құзыретін күшейту мақсатында нақты іс-шаралар жоспарланып, тиісті жұмыстар атқарылсын.
2. «Журналистика және репортер ісі» даярлау бағыты бойынша «7М03239 - Журналистика» білім беру бағдарламасын ашу үшін ЕСУВО базасына бағдарламаны жүктеуге және лицензия алу үшін құжаттарды Министрлікке жіберу жұмыстарын ұйымдастыру ісі қолға алынсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы



А.Сәдібеков

Ә.Тәшімова